

## **Сайрам ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 213 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 8 сәуір 2016 жылғы Заңының 46 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 23 қаңтар 2001 жылғы Заңының 37 бабының 8 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сайрам ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Б.Тұрғынбековке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*С.Сапарбаев*

Аудан әкімдігінің 28 сәуір 2016 жылғы № 213 қаулысына қосымша

## **Сайрам ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізімі**

1. Аудан әкімдігінің 14 қаңтар 2015 жылғы № 55 "Сайрам ауданының ауыл округтері әкімдері аппараттары мемлекеттік мекемелерін қайта атау және олардың ережелерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2999 тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда, 13 наурызда, 20 наурызда, 27 наурызда, 3 сәуірде "Мәртөбе" газетінде жарияланған);

2. Аудан әкімдігінің 10 ақпан 2015 жылғы № 130 "Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3033 тіркелген, 27 ақпан 2015 жылы "Мәртөбе" газетінде жарияланған);

3. Аудан әкімдігінің 10 ақпан 2015 жылғы № 133 "Сайрам аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3057 тіркелген, 20 наурыз 2015 жылы "Мәртөбе" газетінде жарияланған);

4. Аудан әкімдігінің 27 қаңтар 2016 жылғы № 78 "Сайрам ауданының ауыл округтері әкімдері аппараттары мемлекеттік мекемелерін қайта атау және олардың ережелерін бекіту туралы" Сайрам ауданы әкімдігінің 14 қаңтар 2015 жылғы № 55 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік

құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3595 тіркелген, 22 наурыз 2016 жылы " Мәртөбе" газетінде жарияланған);

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК